# БАСПАСӨЗ-2021
## II жарты жылдығына жазылу

**«Мектеп» журналына – 2625 теңге 60 тиын.**
**Индекс-75544.**
**«Жас ғалым» журналына – 2169 теңге 60 тиын.**
**Индекс-75481.**
**«Алтын ұя» газетіне – 1171 теңге 20 тиын.**
**Индекс-65305.**
**Басылымдарға «Казпочта» АҚ арқылы жазылуға болады.**

Мектеп
Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

Жас ғалым
Жүзден - жүйрік, мыңнан - тұлпар!
Дарынды балаларға арналған республикалық ғылыми-танымдық журнал

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС ...
АЛТЫН ҰЯ



Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ

# МЕКТЕП

№5 (219) мамыр, 2021 жыл.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ






**Төленбаев Салман Әбілқайырұлы**
Мұхтар Әуезов атындағы жалпы орта мектебі директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, оқу ісінің үздігі. Түркістан облысы, Отырар ауданы.



**Нұржамал ОРДАБЕКОВА**
*Алпамыс батыр атындағы №40 мектеп-гимназиясының физика, информатика пәні мұғалімі. Шымкент қаласы.*



**Қанат ТУРАЕВ**
*«Ақалтын» жалпы орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. Түркістан облысы, Шардара ауданы.*



**Қарлығаш ОРАЗБЕКОВА**
*А.Үсенов атындағы жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. Түркістан облысы, Кентау қаласы.*



# БІЛІМ САЛАСЫНДА БҰЛ ОҚУ ЖЫЛЫ НЕ ӨЗГЕРДІ?



**Жарқынбек ТӨЛТЕБАЙ,**
**Қазақстанның педагогикалық академиясының президенті,**
**Бас редактор.**

Құрметті ұстаздар, міне, биылғы оқу жылы да көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Елдегі эпидахуал білім беру саласына сәт сайын өз әсерін тигізіп отырды. Жаңа жағдайға тез бейімделіп, білім беруді тоқтатпадыңыздар. Бұл кезеңде ұстаздардың мәртебесі іс жүзінде көтерілгенін қоғам мойындады.

Биылғы оку жылында орта білім беру жүйесінде заңнамалық тұрғыдан ауқымды нормалар қабылданды. Әсіресе, білім беру сапасын арттырып, ашықтықты қамтамасыз етуге бірқатар жүйелі реформа жасалды. Тәуелсіздіктің үшінші онжылдығын қорытындылаған сәтте өңірлердегі білім сапасының айырмашылығы 2 жылға дейін алшақ екені анықталды. Бұл - әр мектептің жергілікті әкімшіліктен әрқалай қаржыландырылуының салдары еді. Осы олқылықты жою үшін қаржыландыру жүйесін облыстық білім басқармасының тікелей құзіретіне беру туралы шешім шықты. Міне, тек соңғы 4 ай көлемінде мектепке дейінгі, орта және қосымша білім беруде қаржыландыру жүйесін теңестіру үшін енгізілген заң нормаларына сәйкес жұмыстар жүргізілуде. Бұл қала мен ауылдың, облыспен облыстың арасындағы білім беруге жасалған жағдайды теңестіреді, жақсартады деген сенімдеміз.

«Мұғалім мәртебесі» туралы заң шеңберінде педагогтерді қағазбастылықтан арылтуды көздейтін де нормалар енгізілді. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мұғалімдер мен мектеп әкімшілігін есеп беруге міндеттейтін құжат шеңберін шектеді. Яғни, мұғалім сабақ жоспары мен электронды күнделікті толтырады. Сонымен қатар жылдық күнтізбелік тақырыптық жоспар жазады. Осылайша, қағазбастылық минимализмге түсіп, бүгінгінің мұғалімі толтыруға тиіс құжат саны үшке дейін қысқарды. Іс жүзінде бұл өзгерістерді өздеріңіз көріп жүргендеріңіз анық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тікелей жарлығымен 4 жыл көлемінде педагогтердің еңбекақысын 2 есе өсіру кезең-кезеңімен іске асуда. Сонымен қатар, мұғалімдерді ынталандыру бағытында қосымша ақы да қарастырылды. Бұл қаражат жаңа форматтағы «Ұлттық біліктілік тестінің» нәтижесіне сай беріледі. Ал ұлттық біліктілік тестінің ашықтығы мен академиялық әділдікті қамтамасыз етуі мұғалімдер арасында таза бәсекелестікті қалыптастырмақ. Бұл әрбір ұстазды ынталандырады.

Осы жылы наурызда сенат депутаттары педагогтерді жұмысқа қабылдау тәртібіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бастамасы қолдап, заң қабылдады. Бұған дейін бұл құзірет тек білім беру мекемесінің жетекшісіне ғана қатысты еді. Яғни, мектеп директоры кімді жұмысқа қабылдайтінін өзі шешетін. Мұғалімдерді жұмысқа қабылдаудың бұл тәсілі ашық емес. Сыбайлас-жемқорлық тәуекелдерін тудыруы әбден мүмкін. Сондықтан салалық министрлік қазіргі таңда педагогты жұмысқа конкурс арқылы комиссия шешімімен жұмысқа қабылдау тәртібін құрастырып жатыр. Атап өту керек тағы бір ерекше өзгеріс – білім беру мекемелерінің басшыларын ротациялау. Басшылардың жұмыс орнын бағыттап ауыстырып отыру да біршама жаңашылдық әкеледі деген сенімдеміз. Жасалып жатқан игі істердің бәрін басшылыққа ала отырып, білім саласының дамуына мұғалімдер қауымы белсене атсалысады деген ойдамыз. Бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу, білім беру ісі ашықтық пен әділдікті талап етеді. Мұғалімдер саладағы өзгерістерді жіті қадағалап, өз құқықтары мен міндеттерін анық біліп отыруы маңызды. Біздің журналдың ұжымы білім мен ғылымдағы соңғы өзгерістерден хабардар етуге барын салады. Оқу жылының табысты аяқталуымен баршаңызды құттықтаймыз!

# ХАБАРЛАНДЫРУ!

*Сізді **«Қазақстанның педагогикалық академиясы»** педагогикалық ғылыми қауымдастығына мүше болып, өз еңбек жетістіктеріңіздің нәтижесі ретінде «Қазақстанның педагогикалық академиясы профессоры» академиялық атағын алуға шақырамыз.*

*Бұл академиялық атақ сізді ғылыми атақтары мен дәрежелері бар әріптестеріңізбен белгілі бір деңгейге теңестіреді. Сонымен қатар шәкірт тәрбиелеуде қосатын үлесі зор. Ғылыми қауымдастықтың мүшесі болу сіздің жалпы қоғамдағы мәртебеңізді анықтайды. Осыған орай сізден өзіңіз туралы мәлімет беруіңізді сұраймыз. Қосымша ақпараттарды төмендегі телефондар арқылы алуыңызға болады.*

***Байланыс телефондары:*** **ҚПА: 8 (7252) 56-69-66, 8 707 804 86 40, 8 778 943 19 50.**

# Ардақты ұстаздар!

Осыдан біраз уақыт бұрын «Мектеп» республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журналы мұғалімдерге арнап ҚҰРМЕТ ТАҚТАСЫН ашқанын білесіздер. Мақсат – елдің ертеңгі тірегі болатын бүгінгі мектеп оқушыларына саналы тәрбие мен сапалы білім беріп жүрген ұлағатты ұстаздарымызды көпшілікке таныту.

Құрмет тақтасына педагогтарды пән бірлестіктері және мұғалімдер өзін-өзі ұсына алады. Ұсынылған мұғалім үміткерлердің ішінен лайықтылар журнал жанынан құрылған арнайы комиссияның шешімімен таңдалып алынады.

Құрмет тақтасына шыққан мұғалімдер арнайы диплом мен сертификатқа ие болады. Сонымен қоса аты-жөні Құрмет тақтасының арнайы реестеріне (тізіліміне) енгізіледі.

***Ескерту:*** *Құрмет тақтасына шығатын мұғалім (үміткер) жөнінде қысқаша ақпарат (аты-жөні, туылған жылы, бітірген оқу орны, еңбек етіп жатқан білім ұясы, пәні, еңбек өтілі, санаты, т.б.), көлемі 9х12 болатын бір сурет (түрлі-түсті әрі сапалы), сіңірген еңбегі мен қол жеткізген жетістіктері үшін алған марапаттары, алғыс хаттары туралы толық мәліметті (түрлі пән олимпиадалар мен білім сайыстарында, байқауларда, т.б.) журнал редакциясына жолдауы тиіс.*

**Қосымша мәлімет алу үшін: 8 (7252) 56-69-66, 8 707 804 86 40, 8 778 943 19 50.**

**«МЕКТЕП» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ**

2003 жылдың қыркүйек айынан шыға бастады.
Айына бір рет шығады.

Құрылтайшы: “Қазақстанның педагогикалық академиясы” к/қ вице-президенті
**Тамара МАХАЛҚЫЗЫ**

Ақылдастар алқасы:
**А.САДЫКОВА**
**А.БАТЫРБЕКОВА**
**З.МАХАНОВА**
**А.ӘМІРТАЕВ**

Бас редактор:
**Жарқынбек ТӨЛТЕБАЙ**

Шығарушы редактор:
**Гауһар ӘБІЛДАЕВА**

Тілшілер:
**Балзия ТӘЖІБАЕВА,**
**Айгерім ЖОЛДАСОВА,**
**Балбек ТӨЛТЕБАЙ.**

Дизайнер:
**Тасболат БОРАНБАЙ.**

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, Ақпарат және Қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 4077-Ж
Жазылу индексі: 72544
Қолжазбалар өңделеді, авторға қайтарылмайды.
Автордың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Кейбір материалдар мен суреттер интернеттен алынады.

**Тапсырыс: 152**

**Таралымы: 8100**

Меншік иесі:
**"Алтын Ұя" ЖШС**
Мекенжайы:
486024
Шымкент қаласы,
Т.Айбергенов көшесі, 3/1.
тел: **56-69-66**
факс: **50-09-72.**
mektep_jurnal@mail.ru
8 778 943 19 50,
8 707 804 86 40.
Журнал "Жебе баспа үйі" ЖК «Қ.Орынбаев» баспаханасында басылды.
Шымкент қаласы,
Н.Төреқұлов көшесі, 13 “А”.
Басылған күні – 25.05.2021 ж.